

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) дерекқорын және міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін қалыптастыру қағидаларын және Жинақтаушы зейнетақы қорларының электронды құжат айналымын пайдалана отырып, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа салымшылармен міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жасалған және қолданылуы тоқтатылған шарттар туралы мәліметтерді ұсыну қағидаларын бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2006 жылғы 21 ақпандағы N 111 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 848 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 26.08.2013 № 848 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

Ескерту. Қаулының тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.03.20 N 344 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған:

1) Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) дерекқорын, міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін қалыптастыру ережесі;

2) Жинақтаушы зейнетақы қорларының электронды құжат айналымын пайдалана отырып, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа салымшылармен міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жасалған және қолданылуы тоқтатылған шарттар туралы мәліметтерді ұсыну қағидалары бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.03 N 736, 2012.03.20 N 344 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Премьер-Министрі

Қазақстан

Республикасы

Үкіметінің

2006

жылғы

21

ақпандағы

N

111

қаулысымен

бекітілген

**Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың
(алушылардың) дерекқорын, міндетті зейнетақы жарналары
есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт
жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін
қалыптастыру ережесі**

Ескерту: Тақырыбындағы және барлық мәтін бойынша "салымшылардың", "салымшылармен", "салымшылар", "салымшының", "салымшыға", "жасалған" деген сөздерден кейін тиісінше "(алушылардың)", "(алушылармен)", "(алушылар)", "(алушының)", "(алушыға)", "және қолданылуы тоқтатылған" деген сөздермен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 3 тамыздағы N736 қаулысымен.

Осы Ереже "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына сәйкес әзірленді және міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) дерекқорын (бұдан әрі - дерекқор), міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін (бұдан әрі - бірыңғай тізім) қалыптастыру тәртібін айқындайды.

1. Дерекқор, бірыңғай тізім жинақтаушы зейнетақы қорлары ұсынатын мәліметтердің негізінде Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталықтың (бұдан әрі - Орталық) базасында қалыптастырылады.

2. Жинақтаушы зейнетақы қорлары 2006 жылғы 1 наурызға дейін Орталыққа электронды жеткізушіде жасалған және қолданылуы тоқтатылған міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларында олар бойынша жеке зейнетақы шоттары ашылған, бірақ міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары жоқ салымшылар (алушылар) туралы мәліметтерді ұсынады. Жинақтаушы зейнетақы қорлары өздерінің барлық қызметі кезеңіндегі мәліметтерді салымшылардың (алушылардың) деректемелерінде жүргізілген өзгерістерді ескере отырып, осы Ережеге 1-

қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді.

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.28 N 72(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз) Қаулысымен.

2-1. Жинақтаушы зейнетақы қорлары, дерекқорды жаңарту мақсатында, 2009 жылғы 1 наурызға дейінгі мерзімде Орталыққа міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы қолданылуы тоқтатылған шарттар туралы мәліметтерді олардың тоқтатылу себептерін көрсете отырып, электронды жеткізушіде ұсынады. Жинақтаушы зейнетақы қорлары өз қызметінің барлық кезеңіндегі мәліметтерді салымшылардың (алушылардың) деректемелерінде жүргізілген өзгерістерді ескере отырып, осы Ережеге 2-қосымшаға сәйкес нысан б о й ы н ш а б е р е д і .

Ескерту. 2-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.01.28 N 72(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т.қараңыз) Қаулысымен.

3. Орталық осы Ереженің 2, 2-1-тармақтарында белгіленген жинақтаушы зейнетақы қорларынан алынған мәліметтердің, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорлары күн сайын беретін міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жаңадан жасалған және қолданылуы тоқтатылған шарттар туралы мәліметтердің негізінде қалыптастырады және дерекқор мен бірыңғай тізімді күн сайын жаңартып отырады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.28 N 72(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

3-1. Орталық жинақтаушы зейнетақы қорларынан міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар туралы мәліметтер алынған күннен кейінгі күннен кешіктірмей:

1) келіп түскен мәліметтерді:

салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты жылына екі реттен артық емес ж а с а с у ы ;

салымшының (алушының) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты зейнетақы жинақтарын бір жинақтаушы қордан екіншісіне аудару кезеңінде жасасуы;

жинақтаушы зейнетақы қорының міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар туралы мәліметтерді Орталыққа беру мерзімдерін сақтауы мәніне тексеруді жүзеге асырады;

2) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар туралы мәліметтерді:

егер салымшы (алушы) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шартты бір жылда екі рет жасасқан жағдайда;

салымшы (алушы) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен

қамсыздандыру туралы жаңа шартты зейнетақы жинақтарын бір жинақтаушы зейнетақы қорынан екіншісіне аудару кезеңінде жасасқан кезде бірыңғай тізімге енгізуден бас тартады.

Ескерту. 3-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.01.28 N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

4. Дерекқорда әрбір салымшы жөнінде мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), салымшының (алушының) жынысы, туған күні, жеке сәйкестендіру нөмірі, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, салымшы міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жинақтаушы зейнетақы қорының нөмірі, күні және атауы, салымшыға (алушыға) жеке зейнетақы шоты ашылған жинақтаушы зейнетақы қорының күні мен атауы, міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың қолданылуын тоқтату және жеке зейнетақы шотының жабылу күні мен себебі (салымшыға (алушыға) немесе оның мұрагеріне (мұрагерлеріне) зейнетақы жинақтарының барлық сомасын, зейнетақы төлемдерінің жүзеге асырылу негіздемесін көрсете отырып төлеу, салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының басқа жинақтаушы зейнетақы қорына не сақтандыру ұйымына аудару).

Ескерту. 4-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

5. Бірыңғай тізімде әрбір салымшы жөнінде мынадай мәліметтер қамтылуға тиіс: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні, жеке сәйкестендіру нөмірі, жеке басын куәландыратын құжаттың деректері, неғұрлым соңғы жасасу күні бар міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы қолданыстағы шарт жасасқан жинақтаушы зейнетақы қорының атауы.

Ескерту. 5-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

6. Орталық жинақтаушы зейнетақы қорларынан алынған, осы Ереженің 2 және 2-1-тармақтарында белгіленген мәліметтердің негізінде Міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар туралы мәліметтердің бірыңғай тізімге енгізілгені немесе енгізілмегені туралы хаттаманы (бұдан әрі - Хаттама) жинақтаушы зейнетақы қорларына жібереді.

Ескерту. 6-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.01.28 N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар туралы мәліметтерді осы Ережеде көзделген негіздемелер бойынша бірыңғай тізімге енгізуден бас тартқан жағдайда, Хаттама міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы енгізілмеген шарттар туралы ақпаратты қамтуға тиіс (енгізілмеу себебін көрсете

о т ы р ы п) .

7. Орталық ай сайын жинақтаушы зейнетақы қорларының міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттарды жандандырудың осы Ереженің 3-тармағында белгіленген мерзімдерін бұзуы анықталған фактілер туралы қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалауды жүзеге асырушы уәкілетті органды хабардар етеді.

Ескерту. 7-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2009.01.28 N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) дерекқорын, міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін қалыптастыру ережесіне 1-қосымша

Ескерту. Қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 2009.01.28. N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

200__жылғы " __ " _____ Орталыққа жіберетін жасалған және қолданылуы тоқтатылған міндетті зейнетақы жинақтаушы зейнетақы қорының атауы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар, сондай-ақ жинақтаушы зейнетақы қорларында олар бойынша жеке зейнетақы шоттары ашылған, бірақ міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттары жоқ салымшылар (алушылар) туралы мәліметтер

Тегі		Аты		Әкесінің аты		Са- лым- шы- ның жыны- сы	Ту- ған күні	ЖСН
Ж С Н қалыптастыру сәтіндегі	Қ а - зіргі дерек- тері	Ж С Н қалыптастыру сәтіндегі	Қ а - зіргі дерек- тері	Ж С Н қалыптастыру сәтіндегі	Қ а - зіргі дерек- тері	ЖЖЖ Ж А АКК		
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері	Жасалған міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы	Салым-шының (алушының) Ж 3 Ш	Зейнет-ақымен қамсыздандыру туралы шарттың қолданылуы тоқтатылғыш және жеке зейнетақы	Зейнет-ақымен қамсыздандыру туралы шарттың қолданы-
---	--	------------------------------	---	---

		ш а р т мәліметтері		туралы мәлімет- тері	шотының жабылған күні	луының тоқтатылу себебі
Нөмірі	Берілген к ү н і ЖЖЖЖААКК	Нө- мірі	Жасалған к ү н і ЖЖЖЖААКК	Ашылған к ү н і ЖЖЖЖААКК	ЖЖЖЖААКК	
11	12	13	14	15	16	17

Е с к е р т п е :

1, 2, 3, 4, 5, 6-бағандарында ЖСН қалыптастыру сәтіндегі тиісті мәліметтер қ а м т ы л у ы т и і с .

Олар бойынша мәліметтер болмаған жағдайда 9, 13, 14-бағандарды толтыру м і н д е т т і е м е с .

16, 17-бағандар қажеттілігіне қарай толтырылады.

17-бағанда міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың қолданылуын тоқтатудың себебіне қарай тиісті б е л г і к ө р с е т і л у і т и і с :

1 - зейнеткерлік жасқа, ер адамдар 63, әйелдер 58 жасқа толуына байланысты зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу

2 - төтенше немесе ең жоғарғы радиациялық қатер аймағында тұратын адамдардың зейнеткерлік жасқа толуына байланысты зейнетақы жинақтарының б а р л ы қ с о м а с ы н т ө л е у

3 - 5 және одан да көп бала тәрбиелеген әйелдердің зейнеткерлік жасқа толуына байланысты зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу

4 - егер мүгедектігі шектеусіз белгіленген болса, I және II топтағы мүгедектік белгіленуіне байланысты зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу

5 - Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне байланысты зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу

6 - салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аударылуына байланысты

7 - салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының сақтандыру ұйымына а у д а р ы л у ы н а б а й л а н ы с т ы

8 - алушының қайтыс болуына байланысты мұрагеріне (мұрагерлеріне) зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу

9 - алушының қайтыс болуына байланысты зейнетақы жинақтарының барлық с о м а с ы н ж е р л е у г е т ө л е у

10 - Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы бұрын қолданылған заңнамасы бойынша зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу

Міндетті зейнетақы жарналары бойынша салымшылардың (алушылардың) дерекқорын,

міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасасқан жеке тұлғалардың бірыңғай тізімін қалыптастыру ережесіне
2-қосымша

Ескерту. 2-қосымшамен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2009.01.28 N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2011.06.09 N 648, 2012.09.14 N 1196 Қаулыларымен.

200 жылғы " _____ "

—
жинақтаушы зейнетақы қорының атауы Орталыққа жіберетін қолданылуы тоқтатылған міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар туралы мәліметтер

Тегі		Аты		Әкесінің аты		Салымшының (алушының) жынысы	Туған күні	ЖСН	Жеке ба куәланды құжатты деректері	
Ж С Н қалыптастыру сәтіндегі	Қазіргі деректері	Ж С Н қалыптастыру сәтіндегі	Қазіргі деректері	Ж С Н қалыптастыру сәтіндегі	Қазіргі деректері				ЖЖЖ Ж ААКК	Нөмірі
1	2	3	4	5	6	7	8	9	11	12

Е с к е р т п е :

1, 2, 3, 4, 5, 6-бағандарда ЖСН қалыптастыру сәтіндегі тиісті мәліметтер қамтылуға тиіс.

13, 14, 15-бағандары міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау кезінде толтырылуға міндетті.

16, 17-бағандарда міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың қолданылуын тоқтатудың себебіне қарай тиісті белгі болуға тиіс:

1 - зейнеткерлік жас: ер адамдар 63 жасқа, әйелдер 58 жасқа толуына байланысты зейнетақы жинақтарының бүкіл сомасын төлеу;

2 - төтенше немесе ең жоғары радиациялық қатер аймағында тұратын

адамдардың зейнеткерлік жасқа толуына байланысты зейнетақы жинақтарының бүкіл сомасын төлеу;

3-5 және одан да көп бала тәрбиелеген әйелдердің зейнеткерлік жасқа толуына байланысты зейнетақы жинақтарының бүкіл сомасын төлеу;

4 – Орталықтан еңбек сіңірген жылдары үшін кеден органдарын қоспағанда, әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген қызметкерлеріне, сондай-ақ әскери немесе арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға:

1) 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін;

2) «Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 60-бабының 1-тармағында көрсетілген негіздемелер бойынша зейнетақы төлеміне құқығы бар адамдарға кеден органдарын қоспағанда, әскери қызмет, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарындағы қызмет стажы 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша он жыл және одан да көп болған кезде толық көлемде зейнетақы төлемдері тағайындалуына;

5 - егер мүгедектігі шектеусіз белгіленген болса, I және II топтағы мүгедектік белгіленуіне байланысты зейнетақы жинақтарының бүкіл сомасын төлеу;

6 - Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне байланысты зейнетақы жинақтарының бүкіл сомасын төлеу;

7 - салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аударылуына байланысты;

8 - салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының сақтандыру ұйымына аударылуына байланысты;

9 - алушының қайтыс болуына байланысты мұрагеріне(леріне) зейнетақы жинақтарының бүкіл сомасын төлеу;

10 - алушының қайтыс болуына байланысты зейнетақы жинақтарының бүкіл сомасын жерлеуге төлеу;

11 - Қазақстан Республикасының зейнетақымен қамсыздандыру туралы бұрын қолданылған заңнамасы бойынша зейнетақы жинақтарының бүкіл сомасын төлеу.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 6 ж ы л ғ ы 2 1 а қ п а н д а ғ ы

№ 1 1 1 қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

Жинақтаушы зейнетақы қорларының электронды құжат айналымын пайдалана отырып, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа салымшылармен (алушылармен) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жасалған және қолданылуы тоқтатылған шарттар туралы мәліметтерді ұсыну ережесі

Ескерту. Тақырыбындағы және барлық мәтін бойынша "салымшылардың", "салымшылармен", "салымшылар", "салымшының", "салымшыға", "жасалған" деген сөздерден кейін тиісінше "(алушылардың)", "(алушылармен)", "(алушылар)", "(алушының)", "(алушыға)", "және қолданылуы тоқтатылған" деген сөздермен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2006.08.03 N 736 қаулысымен.

Осы Ереже "Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңына сәйкес әзірленді және жинақтаушы зейнетақы қорларының электронды құжат айналымын пайдалана отырып, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа (бұдан әрі - Орталық) салымшылармен (алушылармен) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жасалған және қолданылуы тоқтатылған шарттар туралы мәліметтерді ұсыну тәртібі мен е р е ж е с і н а й қ ы н д а й д ы .

1. Жинақтаушы зейнетақы қорлары күн сайын Орталыққа салымшылармен (алушылармен) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жаңадан жасалған және қолданылуы тоқтатылған шарттар туралы мәліметтер берілген күннің алдындағы жұмыс күнгі мұндай кеңейтудегі мәліметтерді осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша береді.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.03 N 736, 2009.01.28 N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

2. Орталыққа берілетін салымшылармен (алушылармен) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жаңадан жасалған және қолданылуы тоқтатылған шарттар туралы мәліметтердің құрылымы мыналарды қамтуға тиіс: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), салымшының (алушының) жынысы, салымшының (алушының) туған күні, жеке басын куәландыратын құжат деректері, міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы жасалған және қолданылуы тоқтатылған шарттың нөмірі мен күні, салымшының (алушының) жеке зейнетақы шотының ашылған күні, міндетті зейнетақы жарналарының есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттың қолданылуын тоқтату және жеке зейнетақы

шотының жабылу күні мен себебі (салымшыға (алушыға) немесе оның мұрагеріне (мұрагерлеріне) зейнетақы жинақтарының барлық сомасын, зейнетақы төлемдерінің жүзеге асырылу негіздемесін көрсете отырып төлеу, салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының басқа жинақтаушы зейнетақы қорына не сақтандыру ұйымына аудару).

Ескерту. 2-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2007.04.30 N 352 (2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Мәліметтерді беру күн сайын Орталық пен жинақтаушы зейнетақы қорлары арасындағы шартқа сәйкес айқындалған электронды тәсілмен, ақпарат көлігінің автоматтандырылған қаржы жүйесін пайдалана отырып, ағымдағы күнгі Астана қаласы уақытының 23 сағат 30 минутынан кешіктірмей жүзеге асырылады.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.03 N 736, 2009.01.28 N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулыларымен.

4. Орталық мәліметтер келіп түскен күннен бастап келесі жұмыс күні ішінде жинақтаушы зейнетақы қорына осы мәліметтердің Орталыққа келіп түскені туралы куәландыратын электронды хабарлама және Міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарттар туралы мәліметтердің бірыңғай тізімге енгізілгені немесе енгізілмегені туралы хаттама ж і б е р е д і .

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2009.01.28 N 72(қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз) Қаулысымен.

5. Орталық күн сайын, осы қордың салымшылары жөнінде төлемдердің мынадай санаттары бойынша:

1) 5 және одан көп бала туған және оларды сегіз жасқа дейін тәрбиелеген ә й е л д е р г е ;

2) 1949 жылғы 29 тамыздан бастап 1963 жылғы 5 шілдеге дейінгі кезеңде төтенше және ең жоғары радиациялық қауіпті аймақтарда кемінде 10 жыл тұрған азаматтарға зейнетақы тағайындау туралы өткен жұмыс күні бойынша мәліметтерді жинақтаушы зейнетақы қорларына береді.

Ескерту. Ереже 5-тармақпен толықтырылды - ҚР Үкіметінің 2012.03.20 N 344 (2012.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Жинақтаушы зейнетақы қорларының электронды құжат айналымын пайдалана отырып, Зейнетақы төлеу жөніндегі мемлекеттік орталыққа салымшылармен (алушылармен) міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы

жасалған және қолданылуы тоқтатылған
шарттар туралы мәліметтерді ұсыну
ережесіне қосымша

Ескерту. Қосымшаның ескертуіне өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2006.08.03 N 736, 2009.01.28 N 72 (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-т. қараңыз), 2007.04.30 N 352(2010.08.13 бастап қолданысқа енгізіледі), 30.05.2013 № 551 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулыларымен.

200__ жылғы " __ " _____ Орталыққа беретін
жинақтаушы зейнетақы қорының атауы
жаңадан жасалған және қолданылуы тоқтатылған міндетті
зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру
жөніндегі шарттар туралы мәліметтер

Тегі		Аты		Әкесінің аты		Са- лым- шы- ның (алушының) жыны- сы	Ту- ған күні	ЖСН
Ж С Н қалыптастыру сәтіндегі	Қ а - зіргі дерек- тері	Ж С Н қалыптастыру сәтіндегі	Қ а - зіргі дерек- тері	Ж С Н қалыптастыру сәтіндегі	Қ а - зіргі дерек- тері			
1	2	3	4	5	6	7	8	9

кестенің жалғасы

Жеке басын куәландыратын құжаттың деректері		Жасалған міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру жөніндегі шарт туралы мәліметтер		Салым-шының (алушының) Ж З Ш туралы мәліметтер		Зейнет-ақымен қамсыздандыру туралы шарттың қолданылуы және жеке зейнетақы шоты жабылған күні		Зейнет-ақымен қамсыздандыру туралы шарттың қолданылуының тоқтатылу себебі	
Нөмірі	Берілген күні ЖЖЖЖААКК	Нө- мірі	Жасалған күні ЖЖЖЖААКК	Жасалған күні ЖЖЖЖААКК	ЖЖЖЖААКК				
11	12	13	14	15	16	17			

Е с к е р т у :

1, 2, 3, 4, 5, 6-бағандарында ЖСН қалыптастыру сәтіндегі тиісті мәліметтер көрсетілуі тиіс.

13, 14, 15-бағандар міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен қамсыздандыру туралы шарт жасау кезінде толтырылуға міндетті.

16, 17-бағандар міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен камсыздандыру туралы шарт қолданылуын тоқтатқан кезде толтырылуға м і н д е т т і .

17-бағанда міндетті зейнетақы жарналары есебінен зейнетақымен камсыздандыру туралы шарттың қолданылуын тоқтатудың себебіне қарай тиісті б е л г і к ө р с е т і л у і т и і с :

1 - зейнеткерлік жасқа: ер адамдар 63, әйелдер 58 жасқа толуына байланысты зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу

2 - төтенше немесе ең жоғарғы радиациялық қатер аймағында тұратын адамдардың зейнеткерлік жасқа толуына байланысты зейнетақы жинақтарының б а р л ы қ с о м а с ы н т ө л е у

3 - 5 және одан да көп бала тәрбиелеген әйелдердің зейнеткерлік жасқа толуына байланысты зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу

4 - егер мүгедектігі шектеусіз белгіленген болса, I және II топтағы мүгедектігі белгіленуіне байланысты зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу;

5 - Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне байланысты зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу

6 - салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының басқа жинақтаушы зейнетақы қорына аударылуына байланысты

7 - салымшының (алушының) зейнетақы жинақтарының сақтандыру ұйымына аударылуына байланысты

8 - алушының қайтыс болуына байланысты мұрагеріне (мұрагерлеріне) зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу

9 - алушының қайтыс болуына байланысты зейнетақы жинақтарының барлық с о м а с ы н ж е р л е у г е т ө л е у

11 - жинақтаушы зейнетақы қорындағы жеке зейнетақы шоттарының б і р л е с т і г і

12 - "Қазақстан Республикасында зейнетақымен камсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 33-бабының 4-тармағына сәйкес қызметкердің жұмыстан босатылуына байланысты (корпоративтік ЖЗҚ үшін)

13 – әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген қызметкерлеріне, сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға еңбек сіңірген жылдары үшін Орталықтан тағайындалған зейнетақы жинақтарына байланысты зейнетақы жинақтарының барлық сомасын төлеу:

1) 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін;

2) әскери қызметшілерге, арнаулы мемлекеттік және құқық қорғау органдарының арнаулы атақтар, сыныптық шендер берілген қызметкерлеріне,

сондай-ақ арнаулы атақтар, сыныптық шендер алу және нысанды киім киіп жүру құқықтары 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап жойылған адамдарға әскери қызмет өтілі 1998 жылғы 1 қаңтардағы жағдай бойынша он жыл және одан да көп болғанда – толық көлемде ;
14 – зейнетақы төлемдерінің сомасын кесте бойынша төлеу.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК